

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 181 (9243) 1953 жылғы 9 сентябрь Сәрсенбі Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Картоп және овощь жыйнауды тыңғылықты ұйымдастырайық

Коммунистік партия мен Совет Үкметі еліміздің ауыл шаруашылығының қызметкерлері алдына жауапты міндет—тағудағы екі-үш жылдың ішінде картопты және овощьтарды өндіру дәрежесін шұғыл арттыру міндетін қойып отыр. Ондағы мақсат—еліміздің тұтынушыларының қажетін және овощь өндіретін кәсіпорындарының, сол сияқты, мал шаруашылығының қажетін мейлінше толық өтеу.

Міне, мұндай аса күрделі міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруда бағалы азық-түлік өнімдері—картоп пен овощьтарды көптеп өндіру шешуші роль атқарады. Бұл міндеттерді жете түсінген ауылшаруашылық артельдерінің овощь өсірушілері үетіміздегі жылы бірқатар көрнекті табыстарға ие болды. Олар ең алдымен огород дақылдарының егіс көлемін өткен жылдардағымен өлде қайда ұлғайтып, жаз бойына огород егістерінің күтімін агротехникалық ережелерге сай ұйымдастырды. Мұның өзі картоп және овощь егісінің өнімділігін өткен жылмен салыстырғанда едәуір арттыруға мүмкіндік берді.

Әрине, қалаға жақын аудандардағы ауылшаруашылық артельдерінің мүшелері қала еңбекшілерін огород дақылдарының өнімдерімен жабдықтау жөнінде елеулі жұмыстар атқарды. Колхоздардың өз қажетінен тыс овощь өнімдерін қаладағы рыноктер арқылы сатуға ұйымдастыруы ауылшаруашылық артельдерінің ақшадай табысын молайтуға көмектесіп отыр.

Бұл жөнінде Соколов ауданындағы Ленин атындағы ауылшаруашылық артель мүшелерінің қол жеткен елеулі табыстарын атап айтуға болады. Аталған колхоздың огород, бау-бақша дақылдары егісінің көлемі жылдан-жылға ұлғайып келеді. Колхоздың А. Белов жолдас басқарған тұрақты огород бригадасының мүшелері соңғы бірнеше жыл бойына мейлінше жоғары өнім алу жолында қажырлылықпен күрес жүргізуде.

Бұл бригада үетіміздегі жылы тек овощь және картоп өнімдерін колхоз рыноктерінде сату арқылы ауылшаруашылық артельдің жалпы кірісін 180 мың сомға дейін арттырмақшы. Облысымызда огород егісінің өнімдерін жыйнау жұмысының әлі жаншай басталмағанына қарамастан, ауылшаруашылық артельдің мүшелері кәзірдің өзінде тек қыяр өнімін сатудан 30 мың сомнан аса кіріс кіргізді.

мүмкіншілік берді. Өйткені, овощьты арнаулы дүкендерде және көптеп сатушы колхоздардың саны барған сайын көбейіп келеді.

Көп салалы колхоз шаруашылығының табысты мол беретін салаларының бірі—огород шаруашылығын өркендетуде қалаға жақын Петропавл, Соколов, Полудень аудандарының бірқатар колхоздары да бірқатар көрнекті табыстарға ие болып келеді.

Солдай бола тұрса да, әлі күнге дейін облыстың бірқатар колхоздарының, тіпті жекелеген аудандардың басшылары огород шаруашылығын өркендету ісіне жете мән бермей келеді. Рас, үетіміздегі жылы облыстағы колхоздардың бәріде де огород дақылдары егілді. Бірақ, амал не, оларды күтім-баптау ісіне мән бермеушілік сияқты ересек кемшіліктерге жол берілді. Бұған енаалдымен колхоз басшылары кінәлі. Өйткені, олар огород бригадаларының құрамын тұрақтандырмайды.

Бұған мысал ретінде Петропавл ауданындағы Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артельінің (председателі Кузнецов жолдас) жұмысын алайық. Колхозда үетіміздегі жылы огород бригадасы құрылып, оның құрамы бекітілген болатын. Бірақ, осы бригаданың тікелей өз жұмысымен айналысуына жағдай туғызылған жоқ. Көп реттерде колхоз басқармасы бригаданың мүшелерін басқа жұмыстарға ауыстырып жіберіп отырды. Сөйтпін, жаз бойына бригаданың мүшелері огород егістерін баптаумен шұғылданады. Сондықтан да сәбіз, қыяр, капуста сияқты бағалы азық-түлік дақылдардың өнімі мейлінше төмен болып отыр.

Ал, осы аудандағы «Красный пахарь» ауылшаруашылық артельінің (председателі Овсянников жолдас) мүшелері үетіміздегі жылы 35 гектар алаңға огород дақылдарын екті. Бұл алаңда өнім төмен болды деп те айтуға болмайды. Бірақ оны жыйнау ісі өте нашар ұйымдастырылған. Ерте шөптен огород дақылдарының бірі—лиязды жыйнауға колхоз әлі кіріскен де жоқ. Сол сияқты, кәзір капустаны да іріктен жыйнай бастауға болады. Бірақ бұл жұмыс та әлі қолға алынған жоқ.

15 сентябрден бастап облысымыздың колхоздарында картопты жаншай жыйнау басталады. Мұның өзі күн-бұрын тыңғылықты әзірленуді талап етеді. Бірақ, бұ-

## Егін жыйнау мен астық дайындауда әрбір сағат уақыт қымбат

### Облыс совхоздарының келелі табысы

Облысымыздың совхоздарының коллективтері ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларымен және ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзімен жігерлене отырып, егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарының қарқынын еселеп күшейтті. Облысымызда зор табыстарға жеткен коллективтің бірі—Киров атындағы астық совхозының жұмысшылары мен механизаторлары болып есептеледі. Бұл совхоздың коллективі егін жыйнауды толық аяқтады. Совхоздың барлық қырандарында астықты тазалау, келтіру, дайыдалған астықты машинаға тиеу жұмыстары негізінен механикаландырылған. Осының нәтижесінде совхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындап қана қоймай, оны артығымен орындап шықты. Мұнда жоспар 5 сентябрьге дейін 221,6 процент орындалып отыр.

Мемлекетке астық тапсыру жұмысын ұйымшылдықпен өткізгендердің бірі—Явленка совхозы. Бұл совхозда астық дайындау жоспары 25 августта орындалған-ды. Коллектив мүшелері қол жеткен табысқа масаттанбай, бұл жұмыстың барысын күннен-күнге өрістетті. Мұның өзі 5 сентябрьге дейін совхозда астық дайындау жоспарының 225,2 процент орындалуына мүмкіндік берді.

Мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын артығымен орындап шыққан совхоздардың қатарына Қарағанды, Қыялы, Октябрь, Степной, Преснов, Қызылөскер, Приешім, Мамлют, Тоқшы совхоздарын қосуға болады.

Совхоздарда мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының осындай ұйымшылдықпен өтуі 8 сентябрьге дейін облыс совхоздары бойынша астық дайындау жоспарының 102 процент орындалуын қамтамасыз етті. Кәзір совхоздарда келесі жылдың егісіне тұқым қорын құю жұмыстары күшпен жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығының мол табысты салаларының бірі огород шаруашылығын мейлінше өркендету беру—әрбір колхоздың абройлы борышы. Картоп пен овощьтарды жыйнау және дайындау ісін ойдағыдай өткізу совет адамдарының әл-ауқатын онан сайын арттыра беру ісіне қосқан үлес болып табылады.

### Ленин автомобиль ромасында

ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларымен жігерленген Ленин авторотасының коллективі социалистік жарысты көнінен өрістетіп, колхоз қырандарынан дайындау пункттеріне астық тасуды қызу жүргізуде. Егін орағы басталар алдында өндірістік жыйналыста шоферлар бір-бірімен өзара социалистік жарысқа ұштасып, көтеріңкі міндеттемелер алған болатын. Ал, авторота коллективі егін орағы кезінде күн сайын біржарым норма орындауға, әрбір айда екі күн үнемделген жанар маймен жұмыс істеуге ұйғарған еді. Бұл күндері коллектив осы міндеттемелерді держесінде орындау үшін қажырлылықпен еңбек етуде.

Авторота коллективі егін орағына күні-бұрын үлгілі әзірленді. Әрбір шофер өз машинасын тыңғылықты жөндеуден өткізіп, астық тасуға толық әзір етті. Кәзір авторота коллективі Петропавл авторотасымен түскен социалистік жарыста озып шығу үшін күресуде. Бұрын астық тасуды 83 автомашина жұмыс істеп еді, 20 августтан бастап, бұған тағы да 8 машина қосылды.

Партия ұйымының есебінде тұратын 31 коммунистің бәрінің партиялық тапсырмасы бар. Егін орағы кезінде астық тасу үшін әрбір колхозға машиналар бекітіліп берілді. Машина колонналары басқару және оларды тікелей жұмыс істеу үшін партия ұйымы қолынан іс келетін, тәжірибелі коммунистерді көптеп жіберді.

Қыялы элеваторына астық тасу үшін бір вазод автомашина жіберілді. Оның құрамында 36 машина бар. Бұл колоннаны коммунист Стаценко жолдас басқарады. Ол шоферлармен бірлесе жұмыс істей отырып, машиналардың тоқтаусыз жүруіне жетісуде.

Диспетчер үйінің алдына көрсеткіш тақтасы орнатылған. Оған астық тасуда күндік тапсырмаларын асыра орындап жүрген жұмысшы-шоферлардың жұмыс көрсеткіштері жазылып тұрады. Жұмысшылар комитетінде арнаулы күрмет кітабы бар. Оған алдыңғы қатарлы 20 шофердың астық тасуына табыстары жазылады.

Кәзір коллективте өз машинасымен күрделі жөндеусіз 100 мың километр жол жүрген 50 шофер бар. Кузнецов, Васильев, Седова, Лю Бан Си және басқа жұмысшы шоферлар өздерінің нәтижелі еңбектерімен кәзге түсіп, коллектив құрметіне бөленуде. Бұлардың жұмыс тәжірибелері авторотаның қабырға газетіне жазылып насихатталады, өндірістік жыйналыстарда талқыланып тұрады.

Лю Бан Си 1943 жылы Явленкадағы шоферлар даярлайтын мектепті бітіріп шыққан еді. Міне, осы уақыттан бері ол Ленин авторотасында үздіксіз шофер болып жұмыс істеп келеді. Лю Бан Си өз машинасымен жүк тасуда жылдық тапсырмасын кәзірдің өзінде 150 процент орындады. Ол кәзір Молотов атындағы колхоздан Петропавл элеваторына астық тасып жүр. Ол күндік тапсырманы үнемі асыра орындап отырады.

Бірақ, авторотаның жұмысында кейбір елеулі кемшіліктерде де бар.

Жүк тасыйтын машиналар жолдар мен көпірлердің жүруге қолайсыздығынан көп уақытын жолда алып, артық жанар май жұмсауға мәжбүр болып отыр. Мәселен, Александровка селосындағы көпірдің осы уақытқа дейін жөнделмеуі салдарынан жүк машиналарының 5 километр жерді орап, бұрыс жүруіне тура келеді. Бұл жолда бір автомашина әрбір километр сайын 340 грамм жанар майын жағады. Егер орта есеппен алғанда, бұл жолмен күніне 20 машина жүретін болса, олар 10 сағат уақытын босқа жібереді. Оның үетіне 70 литр жанар майын артық жағады. Ал, бұл жанар майы бір машинаның Явленкадан Петропавлға келіп, қайта оралуына жетеді. Демек, орта есеппен көпірдің жоқтығынан машиналар бұрыс жүріп, артық жанар май жұмсап, күн сайын мемлекетке 125 сом зыян келтіріп отыр.

Бұған Ленин аудандық жол бөлімі тікелей кінәлі. Өйткені, аудандық жол бөлімі, оның меңгерушісі Башкатов жолдас көпірлерді тез жөндеп, машиналардың тоқтаусыз астық тасуына жағдай жасауға жете

### Овощь—мол табыс беретін

дақыл

### КОЛХОЗДЫҢ КІРІСІН МОЛАЙТА БЕРЕМІЗ

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдас ССРО Жоғарғы Советі V сессиясында сөйлеген сөзінде совет халқының материалдық жағдайын жақсарту беру үшін барлық ауылшаруашылық дақылдары сыяқты огород егістерінің өнімдерін де мол дайындаудың ерекше маңызы бар екенін атап көрсетті.

Мұны жете түсінген біздің колхоздың мүшелері огород дақылдарын егуге, оның өнімділігін молайтуға айырықша көңіл бөлді. Быйыл колхозымызда 46,5 гектар қызылша, 24 гектар картоп, 8 гектар темекі, 6 гектар қыяр, 2,5 гектар басқа жемістер егілді. Бұларды баптап, күту үшін құрамында 35 адамы бар арнаулы бригада құрылды. Бригаданың өнімді жұмыс істеуіне барлық мүмкіншіліктер жасалды, атап айтқанда, бригада құрал-саймандармен, көлік күштерімен толығымен қамтамасыз етілді. Колхоз басқармасы тарапынан уақытында тиісті көмек көрсетіліп тұрды. Г. Кизнов жолдас басқарған бұл бригада мүшелері картоп пен овощьты агротехникалық ережелерге сай күтім-баптау жұмыстарын тыңғылықты атқарып, одан мол өнім алуды қамтамасыз етті. Мәселен, қыярдң гектарынан 80-90 центнер, темекінің гектарынан 7 центнердей өнім алынды.

Кәзір дайындау орындарына өткізілген және сатылған овощьтардан колхоз қассасына 74 мың сом қаржы түсті. Огородтық жемістерінен түскен өнімнің біразын сату арқылы колхозта тағы да 40 мың сом мөлшерінде табыс табуды жоспарлап отырмыз.

Колхозшылардың еңбеккүндеріне аванс ретінде овощь өнімдерін бере бастадық. Колхоздың алдыңғы қатарлы жылқышысы Степан Гончар еңбеккүнге 14 пұт, шопан Наталья Гончарь 13 пұт қыяр алды. Еңбеккүндеріне осындай мөлшерде қыяр алған колхозшылар көп.

Овощь өнімдерінен түскен кіріске колхоз «ГАЗ—51» автомашинасы мен көптеген құрылыс материалдарын сатып алды. Қалған ақша колхоздың бөлінбейтін қорына қосылды.

Біз келесі жылы огород егісінің көлемін екі есе арттырамыз. Бұл үшін быйыл қажетті тұқым қорын жасаймыз және овощь егу жұмыстарын толығынан механикаландыру шараларын қарастырамыз.

Сол ежақты, Булаев ауданындағы «Гигант» ауылшаруашылық артелинің (президенті Власюк жолдас) овощ және картоп өсірушілері быйыл жақсы өнім өсірді. Мұнда қыярдан әрбір гектарынан 80-90 центнерден өнім алынады. Қазір колхоз базарларда сату арқылы овощтан 74 мың сом мөлшерінде пайда тапты. Оның үстіне колхозшылардың еңбеккүштеріне 800 пұтқа жуық овощ берілді.

Мұндай мысалдар огород шаруашылығы ауыл шаруашылығының ең табысты салаларының бірі екенін айқын дәлелдейді. Өйткені, колхоздарда огород шаруашылығын кеңінен өрістету ең алдымен ауылшаруашылық артельдерінің ақшадай табысын молайтса, екіншіден, қала еңбекшілерінің овощ және басқа огород өнімдеріне деген қажетін тыңғылықты өтеуге мүмкіншілік береді.

Огород дақылдарын бүгінгі талаптарға сай көптеп өсірумен қатар оларды колхоз рыноктерінде сатуды ұйымдастыру ісін жақсарту тусу қажет. Рас, бұл жөнінде үстіндегі жылдың өзінде елеулі табыстарға не болған ауылшаруашылық артельдері аз емес. Мысалға Ленин ауданындағы «Новый путь» ауылшаруашылық артелинің жұмысын алайық. Быйыл артедің овощ өсірушілері алғаш рет 20 гектар жерге суармалы огород дақылдарын еккен болатын. Жаз бойы огород бригадасының қажырлылығымен еңбек ету нәтижесінде мол өнім өсірілді. Колхоз басқармасы бұл өнімді аудан орталығының еңбекшілеріне сатуды ұйымдастырды. Ол үшін Явленка селосындағы рынокте колхоздың арнаулы магазині ашылды. Мұның өзі колхоздың ақшадай кірісін молайтуға көмектесті, оның үстіне овощтардың бағасының өткен жылдардағыдан едәуір кемюіне

ыңғи күні көптеген ауылшаруашылық орындары басшыларының огород дақылдарын жыйнау қауырт науқан емес, оны кешеуілдету тұруға да болады деген зиянды пікірдің шырмауында жүргенін көреміз. Мұндай кемшіліктерге түзуге болмайды. Ауылшаруашылық орындарының, колхоздардың басшылары огород дақылдарын жаппай жыйнау ісін жақсы әзірлікпен бастап, ұйымшылдықпен өткізуге міндетті.

Қала еңбекшілерін овощпен ойдағыдай қамтамасыз ету ісінде сауда ұйымдары мен тұтынушылар одақтары зор роль атқаруға тиіс. Олар—картон пен овощты дайындау және сатып алу ісін ұйымдастырушылар. Бірақ тұтынушылар одақтары мен сауда орындары әлі күнге дейін бұл өнімдердің колхоздардан келін түсуін күтуде. Олар өздері овощтарды дайындаудың және сатып алудың инициаторлары бола алмай отыр.

Овощ шаруашылығын оған сайын өркендетуде олардың тұқым қорын дайындауға ерекше көңіл бөлу қажет. Өткен жылдардың тәжірибесі көп реттерде огород дақылдарының тұқымы толық және сапалы дайындалмағандықтан оның өнімі төмен болатындығын көрсетті. Олай болса, мұндай кемшіліктерді келешекте үзілді-кесілді жойып, огород дақылдарының тұқымын толық және сапалы дайындау жұмыстарына осы бастан нақты қамқорлық жасау керек.

Ауыл шаруашылығының мол табысты салаларының бірі огород шаруашылығын мейлінше өркендете беру—әрбір колхоздың абрыйлы борышы. Картон пен овощтарды жыйнау және дайындау ісін ойдағыдай өткізу совет адамдарының өл-ауқатын оған сайын арттыра беру ісіне қосқан үлес болып табылады.

### Чкалов облысы, Ново-Сергиевка ауданындағы „Красная звезда“ колхозының звено бастығы Г. И. ТАЛДЫКИНГЕ Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы ССРО жоғарғы советі президиумының указы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 октябрьдегі Указына сәйкес 1951 жылы егінді қорғайтын ағаштар өсіру жоспарын жоғары сапалы орындағаны, ағаш бұталарын өсіру және сақтау жөнінде жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін, мұнымен қатар, колхоз бойынша ауылшаруашылық өнімдерінің барлық түрлері бойынша міндетті тапсырмалардың, МТС жұмысы үшін заттай ақшын төлеудің орындағаны және барлық дақылдар 1952 жылғы көктем егісіне керекті тұқымдармен қамтамасыз етуіне байланысты, 5,4 гектар алаңда отырғызылған ағаш бұталарының 85,6 процентінің өсуін және сақталуын қамтамасыз еткен Ново-Сергиевка ауданындағы «Красная звезда» колхозының звено бастығы Георгий Игнатьевич Талдыкинге **Социалистік Еңбек Ері** атағы беріліп, Ленин орденімен «Орақ және Балға» алтын медалі қоса тапсырылсын.

ССРО жоғарғы советі президиумының председателі **К. ВОРОШИЛОВ,**  
ССРО жоғарғы советі президиумының секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль 7 сентябрь 1953 жыл.

### Селоға арналған құрылыс материалдары

Тұтыну кооперациясының селолық жерлерде орналасқан бір жарым мың кәсіпорны колхоздар, совхоздар және халық үшін кірпіш, черепица, төбе жабатын қабылтыр, ақ және басқа құрылыс материалдарын шығарады. Быйылғы жылы артельдер экзистивтік блоктар өндіруді меңгерді. Мұндай бір блок ұй қабырғасын қалағанда 3—4 кірпіштің орнына жүреді.

Кәсіпшілік артельдерінде бұйым өндіру

ұлғаюда. Кірпіш-черепица заводтарында жоғары өнімді қалыптау престері орнатылды. Механикалық тоннельді кептіргіштер салынууда, олар дайын кірпіш шығаруды 6—7 есе шапшаңдатады.

Быйылғы жылы кәсіпшілік кооперациясы орталық советінің өндірістік кәсіпорындары өткен жылдарыдан 230 миллион дана кірпішті артық береді.

(СОТА).

де.

### Колхозды ауылдың озаттары

Приешім ауданындағы «Талашкер» колхозының көптеген колхозшылары егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында аянбай еңбек етуде. Астық тазалауда А. Смағұлов, Ә. Құсайынов, Р. Ертісбаева, М. Мақина жолдастар күнделікті жұмыс тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді.

Колхозда әсіресе Т. Бекбенев жолдас басқарған бригаданың мүшелері айтарлықтай табысқа ие болуда. Олар егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының қарқынын еселеп күшейтті. Осының нәтижесінде бригада август айында мемлекетке 1449 центнер орнына, 1870 центнер астық тапсырды.

Е. ДӘУЛЕТБАЕВ.

зылған.

Авторота өткен 7 айдың жүз тасу жоспарын артығымен орындады. Авторота шоферлары 23 жұмыс күнінде колхоз қырмандарынан дайындау пункттеріне 65.100 центнерден астам астық тасыды. Коллектив бескүндік тапсырмаларды үнемі асыра орындап отырады.

Алдыңғы қатарлы жұмысшы-шоферлардың саны күн сайын көбейе түсеуде.

### Күн сайын біржарым норма

Куйбышев атындағы МТС-тің комбайншысы И. Веннер жолдас «Сталинец—1» жалғыз комбайнмен 750 гектар егін жыйнауға міндеттенген-ді. Ол қазір алған міндеттемесін орындау жолында қажырлылықпен еңбек етіп, бір күнде 12 гектар орнына, үнемі 18—20 гектардан егін жыйнап жүр. Веннер жолдасының агрегаты егін жыйнау маусымы басталғалы бірде-бір рет тоқтаған емес. Ол ком-

байнға техникалық күтімді уақытылы

Ленин авторотасының коллективі астықты колхоз қырмандарынан дайындау пункттеріне тасуда бұдан да жақсы еңбек етіп, жаңа зор табыстарға жете береді. Авторотаның шоферлары өздерінің социалистік жарыста алған көтеріңкі міндеттемелерін зороймен орындап шығады.

М. НҮРПЕЙІСОВ.

ЯВЛЕНКА. (Арнаулы тілшіміз).

А. ШАБАНОВА.

Булаев ауданы, «Гигант» колхозының председателі.

### Овощтан мол өнім алынууда

Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозының колхозшылары быйыл овощ егістерінің көлемін 10 гектарға, картоп егісінің көлемін 70 гектарға дейін ұлғайтты. Мұнда арнаулы огород бригадасы ұйымдастырылып, бригаданың мүшелері жыл бойы огород дақылдарын егу, баптап, күту және жыйнау жұмыстарымен шұғылданады. Осының нәтижесінде олар көзгі күнде овощтан мол өнім алуда. Мұнда капустаның әрбір гектарынан 130 центнер орнына, 150 центнер, ал, қыярдан гектарынан 100 центнерден өнім алынды.

Колхозшылар овощтан алынған өнімді қала еңбекшілеріне арзан бағамен сатуда.

Т. ЕСЕНОВ.



### Шоферлардың жарысы

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Августтағы жұмыстың қорытындысында «Союзсельхозавтотранс» тресі қызметкерлерінің жарысында Сарқан автоколлоннасының коллективі тағы да бірінші орын алды. Ол автоколлонна сегіз айдың ішінде тоғыз айлық жоспар орындады. Машина жүргізуші коммунист Иван Андрющенко тасымал жөніндегі жылдық тапсырманы 135 процент орындады. Машина жүргізушілер Василий Вдовин, Александр Хитаенко, Иван Куртовский келесі жылдың есебіне жұмыс істеп жүр. Шоферлардың көпшілігі смелалық тапсырманы асыра орындауда.

Машина жүргізушілер тасымал жөніндегі тапсырманы асыра орындаумен қатар жанармай үнемдеуде. Мысалы, Алексей Рассудин ЗИС—150 машинасында істеп сегіз айда 1.300 килограмм жанармай үнемдеді.

Трест қызметкерлерінің коллективі озат машина жүргізушілердің тәжірибесіне сүйене отырып, жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға міндеттенді.

### Темекінің жаңа сортын сынау

Алматы және Жамбыл облыстарының темекі өсіретін көптеген совхоздары мен колхоздарының тәжірибе және бақылау участюктерінде темекінің «Дюбек—566» дейтін жаңа сорты сыналууда. Темекінің бұл сортын Бүкілодақтық темекі және махорка институтының профессоры М. Ф. Терновский өсіріп шығарған.

Өзінің хош иісті сапасы мен шығымдылығы жағынан темекінің бұл сорты будандастырылған сорттардан кем түспейді. «Дюбек—566» темекісінің ең басты артықшылығы сол, ол мозаикалық және ақұнтақ ауруларына төзімді келеді. Темекі өсірушілер жаңа сортқа жоғары баға беруде. (ҚазТАГ).



Советтік Қазақстанның қалаларында. Алматы. Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің жаңа үйі.

Суретті түсіргендер: И. Будневич пен Е. Филипенко. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

### Халықтық демократия елдерінің кітаптары қазақ және ұйғыр тілінде

Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы қазақ тілінде басым шығарған қытай жазушысы Лю Бай-юйдің «Атар таң алда» деген повестісі Алматының кітап магазиндеріне түсе бастады.

Республиканың еңбекшілері халықтық демократия елдері жазушыларының шығармаларына зор ынта қоюуда. Мафин мен Си Жунның «Люйяңнің тауларында» деген романы, чех жазушысы

Ян Дрданың «Үнсіз баррикада» деген әңгімелер жыйнағы қазақ тілінде көп тиражбен басылып шықты. Қытайдың жазушысы Дин Линнің «Сангань өзені үстіндегі күн нұры» деген романы баспаға әзірленіп жатыр.

Юлиус Фучиктің «Дар алдындағы сөз» деген мәңгі жасайтын шығармасы ұйғыр тіліне аударылды.

### Қазақстан мраморы

ГАЗЫЛКЕНТ. (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Бостандық мрамор заводының коллективі көпшілік тұтыну товарларын шығаруды арттыру ісіне өз үлесін қосуда.

Завод Қазақстандағы мрамор шығатын аса ірі Бостандық кеніне жақын орналасқан. Мұнда шығарылатын мрамор сұрғылт, ақ немесе қара түсті болады. Ол осы уақытқа дейін плиталар мен электр қалқандарын жасауға ғана қолданылып келеді. Қазір мұнда көпшілік тұтыну цехы құрылып, онда сыя сауыттар, темекі күлін салғыштар жасала бастады.

Кәсіпорын жуықта қуатты тегістегіш станоктар алды. Бұл мрамор бұйымдарын көп істеуге, олардың сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. Бұйымдар көзгі мұқият тегістеліп, жылтыратылды.

Қазақстан мраморынан жасалған бұйымдарға сұрау артуда. Қазір завод шығарған бұйымдар Қазақстанның барлық облыстарына ғана емес, сонымен бірге Орта Азия республикаларына да жіберіледі.

(ҚазТАГ).

### Нан-булки тағамдарын шығару ұлғаюда

Алматының № 2 нан заводы республикадағы ең қуатты нан заводы болып табылады. Ол күн сайын ұннан 90 тоннаға жуық тағам пісіреді.

Кәсіпорын жақсы механикаландырылған. Цехтарда механикалық елгіштер, қамыр илегіштер және қамыр бөлгіш машиналар орнатылған. Пештердің бәрі тағамды механикалық жолмен пісіруге көшірілген. Технологияны жетілдірудің, шикізатты ұқыпты жұмсаудың және еңбек өнімділігін арттырудың нәтижесінде нан-булки тағамдарының өзіндік құны өткен жылғымен салыстырғанда 3 процент кемітілді. 750 мың сом үнемделді.

# ОРЫСТЫҢ ҰЛЫ ЖАЗУШЫСЫ

(Л. Н. Толстойдың туғанына 125 жыл толуына)

Бүгін совет адамдары, олармен бірге бүкіл алдығы қатарлы адамзат орыстың ұлы жазушысы Лев Николаевич Толстойдың туғанына 125 жыл толуын кеңінен құрметтеп өткізеді.

А. М. Горький 1908 жылы өзінің «Орыс әдебиетінің тарихы» деген кітабында Толстой туралы тарауды аяқтай келіп, былай деп жазды: «Толстойды білмейінше, өз өліңді білемін деп есептеуге болмайды, өзінді мәдениетті адам деп есептеуге болмайды». Алайда, патшалық Ресияда Л. Н. Толстойдың шығармаларына қалың бұқараның қолы жетпеді. Мұнан қырық жылдан артық уақыт бұрын, жазушының қайтыс болуына байланысты жазған мақаласында В. И. Ленин «суретші Толстойдан тіпті Россияның өзінде тек болмашы азшылыққа мәлім болуына» қаты кыжылатынын білдірді.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясының жеңуінен кейін біздің елімізде Толстойдың көркем әдебиет мұрасы шын мәнісінде бүкіл халықтың игілігіне айналды. Совет өкметі тұсында оның шығармалары, бәрін қосқанда, 54 миллион дана болып шығарылды. Оның кітаптары 75 туысқан совет халықтарының тілдеріне аударылды. Басқа класик жазушылар сыяқты, Толстойдың шығармалары бастауыш мектеп пен жоғарғы мектепке дейін, совет мектебінің барлық буындарында оқылып үйренілді. Оның пьесалары еліміздің ондаған театрларында қойылады.


Толстой халқымызда ең сүйікті классик жазушылар қатарынан орын алады. В. И. Ленин оның мұрасын сыйпаттап бірнеше мақалалар жазды. Владимир Ильич ұлы жазушының дүниеге көзқарасы мен творчествосының күшті және оғал жақтары түсіндірді, оның мұрасында нелердің біржолата күні озып, нелердің келешекке қалғанын көрсетті.

Ұлы жазушының есімін «малдануға», оның творчествосының мәні мен маңызын бұрмалауға тырысқан буржуазиялық сыншылардың ежікүзділік ерекетін Ленин рақымсыз әшкереледі. Дүние жүзінің барлық адал ниетті, прогресшіл адамдары Толстойдың аңсауларын және соқыр есімдерін емес, оның даналығын, оның еңбегін ойын ардақтайды. Олардың санасында ұлы жазушы реалистік искусствоның асқан үлгілерін жасаған, көркемөнердің данышпан суретшісі, езушіліктің барлық түрлеріне қарсы жалынды ұялған наразылық білдірген гуманист жазушы, еңбекшілерді кріптарлыққа, правосыздыққа және қайыршылыққа ұшырататын буржуазиялық құрылыстың әшкерелеушісі және оған қарсы қажырлы күрескер болып сақталды. Барлық алдыңғы қатарлы, адал ниетті адамдар Толстойды—милитаризмді, нәсілшілікті, буржуазиялық ұлтшылдықты рақымсыз айыптаушы, империалистік басқыншыларды тайсалмай әшкерелеуші, бейбітшіліктің жалынды жақтаушысы деп танып, шексіз сүйіп құрметтейді.

«Севастополь әңгімелерінде» Лев Толстой өз отанының жалынды патриоты бо-

лғанын XIX ғасырдағы дүниежүзілік әдебиеттің асқан ұлы шығармасы болды.

Халықтың тарихи ерлік істері туралы шығармаларында да, өз заманындағы болмысқа арналған шығармаларында да Толстой өмір шындығынан айнымады. Өзінің аға замандастары —И. С. Тургенев, Н. А. Некрасов және орыстың басқа аса көрнекті жазушылары мен ақындары сыяқ-



ты, ол крепостниктікке батыл қарсы шықты.

Толстойдың 70-жылдардың екінші жартысында жазылған «Анна Каренина» романы реформадан кейінгі өмірдің шын мәнісіндегі энциклопедиясы болды. Онда ескі жартылай крепостниктік тәртіптердің күйреу процесі, оның орнына жаңа буржуазиялық капиталистік тәртіптердің орнау процесі ерекше күшпен берілді. Толстой «реформалардың» шаруаға ешқандай азаттық бермегенін көрсетті. «Мужықтар бұрын қандай құл болса, қазір де сондай құл», —дейді оның романының геройларының біреуі. «Анна Каренинада» Толстой буржуазиялық-дворяндық қоғамның ежікүзді, жалған моральді мәйлінше күшті әшкереледі, бұл қоғамның жоғарғы таптарында сөмбьялық байланыстың ыдырап бұзылуын суреттейді. «Азеүйектер» қоғамының жалған заңдарын аттап өтуге батылы барған бұл қоғам тарапынан алтесталып, қудаланған, романның бас геройының тағдыры нақ осы тақырыпқа байланысты.

«Анна Каренина» өткен ғасырдың 70-жылдарының аяғында және 80-жылдарының басында Толстойда болған идеялық өзгерістің қараңғыта жазылды. Деревялық Россияның барлық ескі тіректөрін күрт бұзылуы әсерінен Толстой өзі түрлі ескі тәрбиеленген дворяндар табынан қол

тастап, тек императорлық және жеке меншіктік театрларда ғана қоюға рұқсат етті. Халық үшін ол Октябрьге дейін тыйым салынған драма болып келді.

«Қараңғылық өктемділігінің» ізінше Толстой «Білімнің жемістері» комедиясын жазып, онда шаруалардың жер үшін помещиктермен ғасырлық дау-жанжалын көрсетті. «Иван Ильичтің өлімі» повестінде ол буржуазиялық дворяндық қоғамға тән кейіпкер адамды, өзінің өткен өмірінің жантүршігерлік бастығын және марнасыздығын, өз тобындағы адамдардың рақымсыздығын және өзімішлігін жазылмайтын ауруға ұшыраған кезінде ғана білген адамды суреттейді.

«Жаңару» романы Толстойдың ең ірі шығармаларының бірі болды. Бұл романды ол он жыл бойына жазды. Онда Толстой «өот комедиясын», мемлекеттік басқару ісін, чиновниктердің мейірімсіздігін және сатылғыштығын, үстем таптардың қызметіндегі ресми шеркеуді рақымсыз әшкереледі. Романда «мырзалардың» арқамақтық өмірі, жерінен айрылып өзілген шаруалардың толық күйзеліске және әртүрлі қысымға ұшыраған өлмешілік күні, шымтезек шығарушы, тас қалаушы жұмысшылардың, ағаш шеберлерінің, фабрика жұмысшыларының және басқа еңбек ұлдарының болмашы «қылықтары» үшін түрмеге жабылған, Сибирьге айдауға жіберілген адамдардың ауыр халі көрсетілді. Халықтың азабы, өзін езушілерге шыу және өшпенділігі, Толстойдың басқа шығармаларына қарағанда «Жаңару» романында күштірек көрсетілді.

Патша өкметі және оның цензурағы ұлы жазушыны қаталдықпен қудалады. Оның көп кітаптарын шығаруға тыйым салынды. 1901 жылы «Касиетті синод» Толстойды шеркеуден аластатты. Тек бүткіл дүние жүзіне жайылған атағы ғана жазушының патша жөндеттерінің және «қаражүзділердің» жазалуынан сақтап қалды.

Толстойды қорқыту әрекеттері де, қудалау әрекеттері де есептен алмады. 1905 жылы патшаның жақын туысқандарының біреуіне жазған хатында Толстой: «Мен —қазіргі тәртіпті, өкметті таңымай, қайта айыптайтын және мұны тура ашып айтатын адаммын» деді.

Өз өмірінің ақырғы күндеріне дейін Толстой, буржуазиялық құрылысты дәріптеген, империалистік мемлекеттердің жұртқыштық саясатын ақтаған жазушылар мен ғалымдарды мәйлінше қатты сынады.

Толстой бүткіл дүние жүзінің қарапайым адамдарын барлық басқыншылық соғыс ертің тұтандырушыларға қарсы былай деп үзді: «Кесілді айтуға шақырды: «Сіздер, рақымсыз... патшалар, микадалар, министрлер, митрополиттер, аббаттар, генералдар, редакторлар, аферистер және, сіздерді онда қалай деп атаса, солардың бәрі, ядро мен оқтын астына өздерің барыңдар, ал, біз барғамыз келмейді және бармаймыз».

Капиталистік қанаушылыққа қарсы, қоғамдық жалған және өтірікке қарсы

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

## КОЛХОЗ ДАЛАСЫНДА

АТТАНУ

Малынған сахнадай алуан нұрға, Дала үсті тұтасқан бір алтыншұғыла, Күн сүйіп элеватор мұнарасын, Орайды өлке бойын жеңіл бұға.

Арайлап күн шығыстан таң келеді, Бірге ескендей самалмен еңбек лебі.

Бұлбұлдар ерте шырқап шаттық өнді, Аттанды егін жайға колхоз елі.

Әр таңды қарсы аламыз жанмен сүйіп, Жемісі мол әр күннің шыңы биік. Өсеміз, құлпырамыз таң сыяқты, Бақыттың кеудемізге нұрын құйып.

## ҚЫЗЫЛ КЕРУЕН

Ақ тары, мақта, арпа, қызыл бидай... Толқыйды шексіз теңіз шалқуындай. Жүзеді комбайндар —корабльдер, Шүмектен дән сауылдап аққан судай.

Колхоздың білек түрген көрі-жасы, Қызықты қызған еңбек қырман басы.

Үйілген алтын астық асқар таудай— Сарқылмас еліміздің қазынасы.

Алдында қызыл жалпау желбіреген, Астықты сықай салып мол тиеген. Өзендей ағылады күндіз-түні. Самсаған машиналы қызыл керуен.

## ДЕМАЛЫС САФАТЫНДА

Қыя белден күн асқанда, Көңіл күйі, шық аспанға! Биші жігіт, кел ортаға, Қолыңды ұсын, тең қалқаға!

Міне қызың! Той қызғанда, Билеп кетті кемпір—шал да... Мұнда қалай бой сергімес, Колхоз кеші —көңілді кеш!

Жайлы көште ай астында, Өн менен нүй ұласты да. Дос отырды дос қасында, Қызды думан қос басында.

... Көңіл өсіп, бой сергіген, Қызады еңбек таң сәріден. Жарыс туы шақырды алға, Қатарыңнан сен де қалма!

## КОЛХОЗ ЕЛІ

Жер бар ма біздер туган жерден артың, Ел бар ма бізді өсірген елден артың! Жемісті бейбіт еңбек құшағында, Колхозшы күлімдейді көңлі шалқып.

Байлыққа жылдан жылға кенелеміз, Даңққа, құрметке де бөленеміз.

Заманның өзі берген өр күшімен, Ғасырғы талай шөлге гүл егеміз.

Шалқый бер, гүлдене бер, шалқар дала, Туады бізде қуат тыңнан жаңа.

Сүйсініп біздің ерлік ісімізге, Көз тіккен Компартия —қамқор дана.

## Жеміс питомнигінде

Қатарласа отырғызылған алма ағаштары басындағы жемістерін көтере алмай тұр. Қарға тамған қандай болып қызарған, толықсып піскен алмалар баяу соққан самал желге ақырындап қозғалады.

Алма ағаштарының арғы жағында қара өрік участогі, онан өріреkte қарақат және малина участогі көрінеді. Бұл участоктердегі жемістердің көптігінен көз тұнады.

Бұл «Пестрое» көлі жағасының тамаша көркем жеріне орналасқан жеміс питомнигінің көрінісі. Ал, солтүстіктің суық аязына төтеп берген мына оңтүстіктің балдан төтті жемістерін өсірушілер оқымысты-агроном Владислав Захарович Хомко жолдас басқарған жеміс питомнигінің коллективі еді.

...Міне, өзге алмалардан гөрі ірірек алмалар бар ағашқа «Анисик омский»

деген жазу бар тақта ілінген. Бұл ағаш питомникке 1950 жылы отырғызылған болатын. Ал, анау тұрған «Корзинск» қара өрігі —бұлардың өз қолдарымен өсірген жемісі.

Питомник коллективінің қажырлы еңбектері нәтижесінде солтүстіктің суық аязы жемістер өсіруге мүмкіншілік бермейді деген ескі ұғым жоққа шығарылды. Кәзір бұл питомниктің участоктерінде жылы жақта өсетін оннан астам жемістер өседі.

Бұл сыяқты питомниктер біздің облысымыздың 57 колхозында бар.

Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы колхоздың жеміс питомнигін облысымыздағы белгілі бақшашы Трофим Макарович Батеха жолдас басқарады. Ол миучуриншіл-жаңашыл. Батеха жолдас өсірген алма кәзір облысымыздың питомниктерінде өсіріледі.

## Балаларға қамқорлық

Партия мен үкметіміз мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп өсіруге аса зор көңіл бөлуде.

Үстіміздегі жылы қаладағы балалар бақшаларында өткен жылғыдан 200 оқушы артық тәрбиеленуде!

Қазақ ССР-нің 30 жылдығы атындағы балалар бақшаларында 30 балалық ма-

Сол сыяқты, қала сыртындағы совхозда да жаңа балалар бақшасы ашылды.

Ясли жасындағы балалар үшін облыстық денсаулық сақтау бөлімі орталық жылу-электр станциясындағы №4 балалар ясли жанынан 40 орны бар

## Кореядағы соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару

ПЕКИН, 7 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан 6 сентябрьде былай деп хабарлады:

Бүгін корей-қытай жағы міндетті түрде елдеріне қайтарылуға тиісті барлық соғыс тұтқындарын тиісті жаққа беруді аяқтады. Бүгін қайтарылған 132 соғыс тұтқынының ішінде 111 американдық, 8 ағылшын, 4 түрік, 1 оңтүстік африкалық, 1 жапон және 7 корейлік бар. Американдықтарға америкн әуе-соғыс күштері құрамының 25 адамы қайтарылып берілді. Олар өздерінің бактериологиялық соғысқа қатысқандығын мойындады, бірақ, кәрей өкмет орындары оларды жазадан босатты.

Екінші жақ корей Халық армиясының 2256 соғыс тұтқынын қайтарды. Олардың ішінде ауру және жараланған 75 адам, сол сыяқты, ауру және жараланған 4 адамды қоса есептегенде қытай халық еріктілерінің 138 соғыс тұтқыны бар.

Корей-қытай жағының бірнеше рет наразылық білдіруі, сол сыяқты, қоғамдық пікірдің американдықтарға жасаған қысымы нәтижесінде елдеріне қайтару үшін табанды күрес жүргізген барлық соғыс тұтқындары қайтарылған. Олардың ішінде Пак Сан Хен, Ли Ин Чер, Ким Тай Хун, Син Тай Вон, У Чэнтэ Ван Фан, Вэй Линь және Сунь Чэньгуань бар. Елдеріне қайтарылған бұл соғыс тұтқындарының бәрі де өте-мөте әлсіреген, олардың азапталғаны көрініп тұр. Мұның өзі олардың ұзақ уақыт тұтқында болып, американдық түрмелерде азапталғандығын көрсетеді.

5 сентябрьде соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару жөніндегі комитеттің мәжлісінде америкн жағының өкілі Фридерсдорф елдеріне міндетті түрде қайтарылуға тиісті корей-қытай жағының барлық соғыс тұтқындары 6 сентябрьде қайтарылады деп мәлімдеген. Алайда, АҚШ-тың соғыс министрі Стивенс америкн жағы өлі де болса тұтқындағы 250 қытай халық еріктілерін ұстап отырғандығын мойындаса да, бүгінгі күнге дейін қытай халық еріктілерінің 138 соғыс тұтқыны ғана елдеріне қайтарылған.

## ТЕРРОР МЕН БҰРМАЛАУШЫЛЫҚТАР ЖАҒДАЙЫНДА БАТЫС-ГЕРМАНИЯЛЫҚ ПАРЛАМЕНТКЕ САЙЛАУДЫҢ АЛДЫН-АЛА ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

БЕРЛИН, 7 сентябрь. (СОТА). Кеше аденауэрлық коалицияның жасырынбастан-ақ террор жасауы жағдайында батыс-германиялық парламенттің (бундестаг) Төменгі палатасына сайлау болды. Рейтер агенттігінің Вонндағы тілшісі дауыс берудің ресми емес қорытындыларын берді. Бұл мәліметтерге қарағанда, Аденауэрдің ХДС-ХСС партиясы бұл дестагте 244 мандат алды. (Социал-демократиялық партия 487 мандаттан 150 мандат (бундестагтің бұрынғы құрамында оның 131 мандаты болған еді) алатын болады. Үкметтік одаққа кіретін реакцияшыл-буржуазиялық «еркін демократиялық партия» 48 мандат (бұрын 51 мандат) алды және бұны коалициясы

лып маңызын шықты. «Сорыс және бейбітшілікте» ол өзінің отанын шетел басқыншыларынан қорғаған орыс халқының тамаша ерлігін жырлады. Қырым сорысы жылдарында артиллерия офицері бола жүріп, Севастопольді қорғауға қолма-қол қатынаса жүріп, жазушы «қайда болса да орыс халқының күшін мұқату» мүмкін емес деген қорытындыға келді. Толстойдың 1812 жылғы әділетті азаттық сорысқа арналған «Сорыс және бейбітшілік» романы, А. М. Горькийдің айтқанындай,

үзін патриархтық шаруалар жапыңшықты, шаруалардың ойы мен үмітін, нарасылығы мен торығуын білдіріп, олардың қорғаушысы болды.

80-жылдарда Толстой «Қараңғылық өктемдігі» драмасы сыяқты шығармалар жазды. Бұл драмасында ол «ақшаның өктемдігі» жегілей жерен ескі патриархтық деревняның күйреуін жантүршіктіретік күшімен суреттеді. Патшалық цензура бұл драмача он жыл бойына тыйым салып келді, оған кейін текетінің көп жерлерін алып

мен концерт берілді. Онда Л. Н. Толстойдың шығармаларынан үзінділер оқылды.

Кітап оқушыларының бұл әдебиет кеші өте қызықты болып өтті.

**М. КАМАЛИЕВ.**

## ӘДЕБИЕТ КЕШІ

ұлы жазушысы» деген тақырыпта Ушинский атындағы мұғалімдер институтының оқытушысы Астафьев жолдас баяндама жасады. Бұдан кейін қаладағы көркемөнер коллективтерінің күші

мен концерт берілді. Онда Л. Н. Толстойдың шығармаларынан үзінділер оқылды.

Кітап оқушыларының бұл әдебиет кеші өте қызықты болып өтті.

**М. КАМАЛИЕВ.**

# Болгарияның азаттық мерекесі

9 сентябрь күні — Болгарияның тарихындағы есүлетті күн. Бұдан тоғыз жыл бұрын 9 сентябрь күні Совет Армиясы фашистік езундіктен азат еткен болгар еңбекшілері өзінің коммунистік партиясының бәшпұлылығымен жексурын монархиялық-фашистік тәртіпті талқандап, халықтық өкмет орнатты.

Жаңа халықтық-демократиялық құрылыс Болгарияның ғасырлар бойы артта қалушылығын жоюға, елдің саяси, экономикалық және мәдени тұрмысын барлық жағынан өркендетуге қолайлы жағдай жасды. Азат етілген болгар халқы өз отанының шын мәнісіндегі қожасына айналып, аз уақыттың ішінде өзінің халық шаруашылығын қалпына келтірді, кәзіргі уақытта социализмнің мызғымас экономикалық негіздерін берік сеніммен қалап жатыр.

Республиканың социализм орнатудағы аса көрнекті табыстары игілікті совет-болгар ынтымағымен тығыз байланысты. Совет Одағы жаңа Болгарияның өмір сүруінің алғашқы күндерінен бастап туысқан болгар халқының жемісті зор еңбегінде оған үнемі қалтқысыз көмек көрсетіп келді және әлі де көмек көрсетуде.

Болгарияның еңбекшілері коммунистік партия мен халықтық үкметтің төңірегіне тығыз топтасып, ішкі және халықаралық реакцияның халықтық-демократиялық құрылысты әлсіретін, елде бұрынғы капиталистік тәртіптерді қайта орнатуды көздеген барлық әрекеттерін жойды. Болгар халқы өзінің жеңістерін қырағылықпен қорғап, халықтық республика жауларының тіміскіленген әрекеттеріне бұдан былай да күйрете тойтарыс беруге бел байлап отыр.

Халықтың бірлігі жылдан-жылға нығайып, оның өз отанының даңқы артып, көркейе беруі үшін барлық күштерін жұмсауға әзір екендігі күшейе түсуде.

Тоғыз жыл — тарихи жағынан қарағанда, онша көп жыл емес. Бірақ, осы аз уақыттың ішінде азат етілген халық, бұрынғы Болгарияда талай он жылдарда істелген жұмыстардан анағұрлым зор жү-

мыстар істеді. Республика бұрынғы артта қалған аграрлы елден жедел қарқынмен алдыңғы қатарлы индустриялы-аграрлы елге айналып келеді. Болгар халқы өзінің өнеркәсібін өркендеті отырып, сонымен бірге ауыл шаруашылығын социалистік негіздерде қайта құруда, зор көлемде мәдениет құрылысын жүргізіп, халықтың материалдық тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін ойдайғай күрес жүргізуде.

Быйлығы жылдың басында болгар еңбекшілері бесжылдық жоспарды төрт жылда орындап шығып, зор жеңіске жетті. Әресе, елдің индустриясын өркендетуде зор табыстарға қолы жетті: өнеркәсіп өндірісі жөніндегі бесжылдық тапсырма үш жыл және он айда орындалды. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 1948 жылғымен салыстырғанда 2,3 есе, ал, соғыстан бұрынғы дәуірмен салыстырғанда 4 еседен аса артты.

Бесжылдық тұсында Болгарияда 700-ден аса кәсіпорын қайта құрылды және жаңадан салынды. Елдің батыс аудандарын Софиямен және Кара теңіздегі Сталин, Бургас порттарымен жалғастыратын Прибалкан темір жолы пайдалануға берілді. Елдің фабрикалары мен заводтарында бұрын Болгарияда өндірілмеген машиналар мен механизмдердің 130 түрін шығару жұмысы иерілді. Жер суаратын 5 құрылыс — жалпы көлемі 50 мың гектар жерді суландыратын Сталин атындағы Брышлян, Никопол-Белесе-Свештовск, Червено-Бряжск жер сузру жүйелері іске қосылды. Бірнеше ірі электр станциялары және елдің халық шаруашылығын өркендету үшін орасан зор маңызы бар басқа да көптеген маңызды құрылыстар салынды.

Соғысқа дейін Болгарияға машиналарды, станоктарды, жабдықтарды, сонымен бірге үй ішінде тұтынатын ұсақ металл бұйымдарды да шетелдерден әкелінетін болатын. Кәзір елде машина жасайтын отандық заводтар жұмыс істеуде, олар әртүрлі станоктар, дизельді моторлар, троллейбустар, трансформаторлар, электровоздар, локомотивтер және ауылшар-

уашылық машиналарының көптеген түрлерін жасап шығаруда. Болгарияда тұңғыш рет азот тыңайтқыштар, күкірт қышқылы, тері илейтін экстракттар, анилин бояулары, дәрі-дәрмек және басқалары өндіріле басталды.

Жеңіл өнеркәсіпті өркендетуге көп көңіл бөлінуде. Мысалы тоқыма өндірісі 1952 жылы 1948 жылмен салыстырғанда 2,3 есе, былғары және мех өндірісі — 2,2 есе, аяқкиім өндірісі — 2,5 есе өсті. Тамақ өнімдерінің өндірісі едәуір артты.

Болгарияның фабрикаларында, заводтары мен жаңа құрылыстарында социалистік жарыс барған сайын кең өрістен, кәзіргі уақытта жұмысшылардың төрттен үш бөлегінен артығын қамтып отыр. Жарысқа қатысушылар өнім шығаруды арттырып, оның санын жақсарту үшін, құрылыстың мерзімін қысқарту үшін күресуде. Жаңашылар мен рационализаторлар қозғалысы кең өріс алды. Өткен жылы еңбекшілер 15 мыңнан аса рационализаторлық ұсыныс енгізді, бұлардың ішінен 5 мың ұсыныс өндірісте қолданылды, мұның өзі мемлекеттің жүз миллион левтен аса қаржы үнемдеуіне мүмкіндік берді. Болгар жұмысшылары, инженерлері мен техниктері совет жаңашыларының азат еңбек әдістерін ойдайғай қолданып, еңбек өнімділігін арттыру, қаржыны үнемдеу ісінде тамаша табыстарға жетуде.

Елді индустрияландыру саясаты және бұл салада жеткен табыстар болгар деревнясын социалистік жолмен бірте-бірте қайта құруға жағдай тудырады. Ауыл шаруашылығына зор көлемді берік техникалық база жасалып, озат агротехника енгізілуде, шаруалар ұсақ, бытыраңқы өгіншіліктен еңбектің коллективтік формаларына негізделген ірі шаруашылықтар құруға көшуде.

Соңғы төрт жылдың ішінде Болгарияда 140 машина-трактор станциясы құрылды, бұларда 12 мыңнан аса трактор, 1300 комбайн және басқа көптеген ауылшаруашылық машиналары бар. Еңбекші кооператив-егіншілік шаруашылықтар мен мемлекеттік шаруашылықтарда негізгі жү-

рі балалар бақшасында 20 балалық топ на топ ұйымдастырылды. Киров атындағы заводта 25 балалық, ет комбинатында 25 балалық жаңа топтар жұмыс істей бастады.

Петропавл станциясында теміржолшылардың балаларына арнап жаңадан балалар бақшасы салынып, пайдалануға берілді.

## Колхозшылар алғысы

Жыл сайын жазғы демалыс уақытында шаруашылық жұмыстарға көмектесу Калинин атындағы (Ленин ауданы) колхоздағы мектеп оқушыларының дәстүріне айналған. Быйыл оқушылар Жолдыбаев, Ваймолдин, Мұқабаева, Нүрпейісова мал азығын жыйнау, егінді күтіп-баптау, егін ору жұмыстарына қолқабыс етті.

Мұнымен қатар мемлекет әлеуметтік тұрмыс қажетіне жұмсалатын қаржыны жыл сайын арттырып, зор көлемде тұрғын үйлер салуда. Республикада төрт жылдың ішінде жалпы көлемі 3,4 миллион шаршыметрден аса тұрғын үйлер салынды, мыңға жуық село электрленді, емдеу орындарындағы төсектердің саны екі есе дерлік көбейді.

Халықтық өкмет мәдениет құрылысына, халық ағарту ісіне үнемі қамқорлық жасуда. Республиканың қалалары мен селоларында мыңдаған жаңа мектеп, кітапханалар мен оқу үйлері салынды. Театрлардың саны үш есе дерлік, кино-театрлардың саны бес жарым еседен аса көбейді. Болгарияда соғысқа дейін бес жоғары оқу орны болған еді, кәзір республикада 13 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Бұрын бірде-бір ғылыми зерттеу институты болмаған Болгарияның ғылым академиясы кәзір 31 институтқа басшылық етеді, ал республикада кәзір осындай 118 институт бар.

Республиканың мәдениет саласындағы зор жеңісі ересей халықтың арасында сауатсыздықтың жойылғандығы және балалар үшін жалпыға бірдей міндетті оқыту ісін жүзеге асырылғандығы болып табылады. Мұның өзі социалистік жаңа қоғамды ойдайғай орнату үшін бұрынғыдан анағұрлым қолайлы жағдай тудырады.

Болгарияның еңбекшілері өзінің бақытты болашағына қай кездегіден болса да берік сенеді. Совет Одағының туысқандық көмегіне сүйене отырып, Қытай Халық Республикасымен және халықтық-демократия елдерімен достығын, ынтымағын нығайта отырып, бейбітшілік үшін дәйектілікпен күресуде, өзінің революциялық қырағылығын тыңбыстан арттыра отырып, олар өздерінің еңбектегі жігерін еселеп арттыруда, өз еңбегінің бай жеңістерінің игілігін көруде.

Болгарияда товар айналымы үнемі ұлғайып, товардың түр-түрі көбеюде, халықтың товар сатып алу қабілеті арғуда. Мемлекеттік және кооперативтік магазиндердің саны 1952 жылы, 1948 жылмен салыстырғанда, екі еседен аса көбейді. Халық етті, майды, өсімдік майларын, жүршігі және басқа азық-түліктерді, сондай-ақ көпшілік тұтынатын товарларды бұдан бұрынғы жылдардағыдан едәуір көп алды.

тәулік бойы жұмыс істейтін топ ұйым дастырды.

Жұмысшылар поселкесінде 100 балаға арнап жаңа ясли үйі салынып жатыр. Құрылысшылар құрылыс жұмыстарын 7 ноябрьге аяқтап, ясли үйін пайдалануға беруге міндеттеніп отыр.

Сол сыяқты, бсы аудандағы Еңбек орта мектебінің оқушылары да демалыс кезінде қоғамдық байлықты арттыру жолында ата-аналарының жемісті еңбегіне өз үлестерін қосты.

Колхозшылар қолқабыстары үшін мектеп оқушыларына алғыс айтты.

**Е. ӘУБӘКІРОВ.**

Мұнымен қатар мемлекет әлеуметтік тұрмыс қажетіне жұмсалатын қаржыны жыл сайын арттырып, зор көлемде тұрғын үйлер салуда. Республикада төрт жылдың ішінде жалпы көлемі 3,4 миллион шаршыметрден аса тұрғын үйлер салынды, мыңға жуық село электрленді, емдеу орындарындағы төсектердің саны екі есе дерлік көбейді.

Халықтық өкмет мәдениет құрылысына, халық ағарту ісіне үнемі қамқорлық жасуда. Республиканың қалалары мен селоларында мыңдаған жаңа мектеп, кітапханалар мен оқу үйлері салынды. Театрлардың саны үш есе дерлік, кино-театрлардың саны бес жарым еседен аса көбейді. Болгарияда соғысқа дейін бес жоғары оқу орны болған еді, кәзір республикада 13 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Бұрын бірде-бір ғылыми зерттеу институты болмаған Болгарияның ғылым академиясы кәзір 31 институтқа басшылық етеді, ал республикада кәзір осындай 118 институт бар.

Республиканың мәдениет саласындағы зор жеңісі ересей халықтың арасында сауатсыздықтың жойылғандығы және балалар үшін жалпыға бірдей міндетті оқыту ісін жүзеге асырылғандығы болып табылады. Мұның өзі социалистік жаңа қоғамды ойдайғай орнату үшін бұрынғыдан анағұрлым қолайлы жағдай тудырады.

Болгарияның еңбекшілері өзінің бақытты болашағына қай кездегіден болса да берік сенеді. Совет Одағының туысқандық көмегіне сүйене отырып, Қытай Халық Республикасымен және халықтық-демократия елдерімен достығын, ынтымағын нығайта отырып, бейбітшілік үшін дәйектілікпен күресуде, өзінің революциялық қырағылығын тыңбыстан арттыра отырып, олар өздерінің еңбектегі жігерін еселеп арттыруда, өз еңбегінің бай жеңістерінің игілігін көруде.

Болгарияны азат етудің тоғыз жылдығын мерекелеген бүгінгі күні бүкіл алдыңғы қатарлы адамзат болгар халқының бақытты тұрмыс орнатуда жаңа табыстарға жетуіне тілектестік білдіреді.

**Д. БОЧАРОВ.**

ның үшінші партиясы — ұлтшыл «неміс партиясы» — 15 мандат (бұрын 17 мандат) алады. Сонымен қатар, 27 мандат бұрын бундестагте болмаған «жалпыгерманиялық одақ» (неміс қоныс ауыстырғандарының) деп аталатындардың үлесіне тиді және 4 мандат Аденауэр партиясына қарсы шыққан «орталықтың партиясы» — католиктік буржуазиялық партияға тиді. Бұрын «орталықтың партиясы» бундестагтің құрамынан 10 мандат алып келген болатын).

Сайлаудың қорытындаларында Аденауэрдің қылмыстық сайлау системасын қолданғандығы көрінді. Ол бойынша 5 дауыс алмаған партиялар бундестагтегі өкілдігін айырылуы мүмкін. Сөйтіп, коммунистер үшін 6 сентябрьде 600 мыңнан аса сайлаушы дауыс берсе де, оларға бундестагтен бірде-бір орын берілген жоқ, ал, католиктік «орталықтың партиясы» дауысты компартиядан 3 есе кем алса да, 4 орынға ие болады.

Бұл сайлауда Аденауэрдің ХДС-ХСС партиясы коалициядағы өзінің бұрынғы сыбайластарының, сол сыяқты фашистік ұсақ топтардың дауыстарының едәуір бөлегін алды.

**ИРАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖАЙЫНДА.** ПАРИЖ, 7 сентябрь. (СОПА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Тегераннан бұрынғы премьер-министр доктор Мосаддықты тергеуді және оның ісін қарауды соғыс юстициясы органдарына тапсыру жөнінде қарар қабылданғандығын хабарлады.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## Киноларда

**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«ПАРМДЫ МЕКЕНДЕУШІ»**  
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

**«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«БАТЫЛДАР АЛАҒЫ»**  
Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Ұйымдасқан түрде жұмысшы-алатын бөлім Молотов облысының және Омск, Жезқазған, Қарағанды, Теміртау және Петропавл қалаларының құрылыстары мен кәсіпорындарында жұмыс істеу үшін жұмысшылар қабылдайды.

Жұмысшыға 150 сомнан 600 сомға дейін қайтып алынбайтын біржолғы жәрдем беріледі. тәуліктің ақы төленеді және өзі, семья мүшелері баратын жерге тегін жеткізіледі.

Жұмысқа қабылдау жөнінде мына адрестен түсінік алуға болады: Петропавл қаласы, Паланиа көшесі, № 98 үй, Телефон 5-97.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.